

“Астана Медицина Университеті” АҚ

Жалпы хирургия кафедрасы

Презентаци

Тақырыбы: Сыртқы құлақ жолында денені диагностикалау және алып шығару.

Орындаған: Марқабаета А.М

Топ: 626 топ ЖДП

Тексерген: Қожахметов С.К.

Жоспар :

- Анықтамасы
- Диагностика
- Емі
- Пайдаланылған әдебиеттер



АНЫҚТАМАСЫ

□ Сыртқы құлақ жолындағы бөгде зат — сыртқы құлақ жолында немесе ортаңғы және ішкі құлақ алаңына түскен затты атаймыз. Бөгде зат кез –келген зат болуы мүмкін. Мысалы : ұсақ үй техникасы, ұсақ тастар, ойыншық, қағаз қалдықтары, таяқшалар, дәнді дақылдар, жәндіктер басқа да тірі организмдер ,құлықтың жиналуы. Құлақтағы бөгде зат құлақтың бітелуімен, ауырсынуымен, естудің төмендеуімен, құлаққа қысым түсуімен, бас айналуымен, құсумен көрініс береді. Құлақтағы бөгде зат отоскопия арқылы диагностикаланады. Бөгде затты құлақтан алып тастау бөгде заттың консистенциясына , құрылымына , формасына байланысты жуу арқылы , инструменталды,хирургиялық жолдар арқылы алынып тасталынады.



Құлаққа құлық қатып, тесігін мүлдем бітеп тастағанда есту нашарлайды, бірақ құлақты тазалағанда ол қайтадан қалпына келеді. Құлақ ішіне бөгде заттар — насекомдар, құлақты тазалағанда мақта т. б. тұрып қалады. Балалар ойнап жүріп, кейде құлағына күнбағыс дәнін, қағаз, түйме, моншақ секілді ұсақ заттарды кіргізіл алады. Мұндайда дереу дәрігерге қарату қажет, өйткені құлақтағы затты дұрыс алмаудың салдарынан оның есту жолы мен дабыл жарғағы жарақаттанып, ортаңғы құлақ ауруға шалдығуы мүмкін. Құлақ қуысын дұрыс тазаламау не үшкір заттармен (шпилька, сіріңке талы) шұқылау салдарынан кейде ол тітіркенеді не есту саңылауының терісі сызаттанады. Сызатқа микробтар түскенде есту саңылауында сыздауық пайда болуы мүмкін; бұл ауру асқынған жағдайда ортаңғы құлақ қабынып, есту нашарлайды. Құлақты саусаққа оралған таза шүберекпен, не сіріңке талына оралған мақтамен тазалау қажет. Құлақ қышыған жағдайда мақтаны әтірге не вазелин майына шылан алады. Егер қышуы басылмаса, дәрігерге қаралған жөн. Құлақтың жөнді естімеуі көп жағдайда ортаңғы құлақтың қабынуына не есту нервтерінің зақымдануына байланысты.



Классификациясы

Пайда болу механизміне байланысты

- Экзогенді

- эндогенді

- Экзогенді бөгде зат қоршаған сыртқы ортадан келеді

- Эндогенді — құлақтың өзінде пайда болады.


- Тірі емес (инертті) тірі (жәндіктер).

- Тірі емес бөгде заттарға майда тастар, құм, түйме, моншаұтар жатады. **Тірі бөгде заттарға** жәндіктер.



Құлақтың өлі бөгде заттары

- Құлақтағы өлі бөгде заттар науқас адамға ешқандай жағымсыз әсер бермеуі де мүмкін. Әрине егер ұсақ және тегіс заттар болған жағдайда. Өте ірі өлі бөгде заттар есту түтігі арқылы дыбыстың өтуін тежеп, естудің төмендеуіне және құлақ бітелуі сезіміне алып келеді. Өткір бөгде заттар дабыл жарғағын зақымдап, қан кетуге себеп болуы мүмкін. Осылайша инфекция еніп ортаңғы отиттің дамуына алып келеді.



Жалпақ бөгде заттарды қысқыш көмегімен алынып тасталады. (қағаз қиындылары, мақта). Домалақ бөгде заттарды Жане шприці арқылы алады. Балаларға жергілікті анестезия қолданады, процедура ауырсынумен өтеді. Домалақ бөгде зат кезінде қысқыш қолдануға болмайды. Есту жолын бітеген бөгде затты арнайы крючоктармен алынады. Жәндіктерді құлақ ішінен шығару алдында оларды өлтіріп алу керек. Қызған май немесе спирт тамызу арқылы жәндіктерді өлтіру керек. Өлген жәндіктерді жуып алып тастайды. Бірақ дабыл жарғағы зақымдалған болса құлақ ішін жуып, тазалауға болмайды. Арнайы крючоктар қолдану арқылы алынады. Сыртқы есту жолының қабынуы болғанда қабынуды емдеп, бөгде затты тек содан кейін алады. Қабырғасы тегіс есту тесігінен бөгде затты арнайы ілмектің көмегімен алу қолайлы. Сыртқы есту тесігін Жане шприцімен жуу да тиімді. Бұндай жағдайда сұйықтықты есту тесігінің артқы жоғарғы қабырғасына бағыттау керек.



□ Дер кезінде құлақтан бөгде затты алып тастамау қабыну реакциясының дамуына алып келеді. Мұндай жағдайда құлақта қатты ауырсыну, шырышты-іріңді бөліністің бөлінуі, естудің төмендеуі дамиды. Айқын қабыну процесі жүргенде дене температурасының көтерілуі, бас ауыуы мүмкін. Қабыну реакциясы есту жолының алаңын тарылтатын ісінумен байқалады. Бұл өз кезегінде бөгде денені алып тастау процесін қиындатады.



□ Құлақтағы өлі бөгде зат көп жағдайда сырқы қарау кезінде байқалынады. Ересектерде және жасөспірімдерде бөгде затты анық қарау мақсатында отоларинголог бір қолымен құлақ қалқанын жоғары және кері тартады. Кіші сәбелерде құлақ қалқанын төмен және кері тартады. Егер науқас дер кезінде көмекке жүгінбей құлақ жолында қабыну ,отит дамыса ,бөгде затты көрсетпеуі мүмкін,сол себепті бөгде затты диагностикалау отоскопия және микроотоскопия арқылы жүзеге асады..

- Құлақ жолынан бөлінділер бөлінсе , олардың қоздырғышын және антибиотикке сезімталдығын анықтау үшін микроскопиясын және бактериологиялық зерттеуін жүргізеді. Егер бөгде зат құлаққа жарақат әсерінен түссе қосымша рентгенография жүргіземіз. Құлақтағы бөгде затты құлақтағы ісікпен , дабыл жарғағының перфорациясымен, гематомамен, сыртқы отитпен дифференциальді диагностика жүргіземіз.




□ Бөгде затты алып тастау асқыну процесі дамымай тұрғанда тез арада алынып тасталуы керек. Бөгде затты өздігімен алып тастауға тырысу дабыл жарғағының перфорациясына және екіншілікті инфицирленуге алып келуі мүмкін..







- Көп жағдайда бөгде затты жуу арқылы алынып тасталынады. Егер дабыл жарғағының перфорациясы болса бұл әдіс қарсы көрсеткіш болып табылады. Егер бөгде зат сыртқы есту жолының тарылған бөлігінде орналасса , онда арнайы құлақ пинцеттері , корцангылер қолданылады. Тірі бөгде заттарды этил спиртімен , вазелинмен және өсімдік майымен өлтіріп , кейін алып тастайды.

- Бөгде затты алып тастау әдісінің ең қарапайым жуу әдісі келесі кезекпен жүзеге асады. Дене температурасына дейін жылытылған су арқылы іске асады. Дәрігер шприц канюлясымен суды алып, есту жолына енгізіп, аздаған қысыммен жууды бастайды. Керек болған жағдайда жууды бірнеше рет қайталайды. Жуу аяқталғаннан кейін артық сұйықтықты турунда арқылы алынып тасталынады. Қарсы көрсеткіштер: қатты дене және дабыл жарғағының перфорациясы.



зат

- Құлақтағы тірі бөгде заттар сыртықы құлақ жолында қозғалып, науқасқа жағымсыз сезім тудыруы мүмкін. Мысалы: ауырсыну, қышу, құлақтағы шу. Тірі бөгде зат үнемі қозғалып, сыртқы құлақ жолында орналасқан кезбе нерв рецепторларын тітіркендіріп, бас айналу және рефлекторлы құсық тудыруы мүмкін. Балаларда тырысу синдромы байқалынады. Кейбір жәндіктер арнайы химиялық заттар бөліп, есту жолының жұқа терісін зақымдап, некроз тудыруы мүмкін..
-
- 



Тимпанопункция – дабыл қуысында жиналып қалған сұйықтықты алу бойынша емдік немесе диагностикалық ота. Өткізу тәсілі Ота жергілікті анестезиямен өткізіледі. Отоларинголог пункция орнын дайындап, сол тұсты теседі. Дабыл қуысынан сұйықтықты шығару үшін сорғыш пайдаланылады. Егер сұйықтық қою болса, шығарылуды жақсарту үшін жол кеңейтіледі. Пункция инесінің көмегімен сұйықтықты зерттеу үшін алуға болады, әрі дәрілік препарат енгізуге болады. Тимпанопункция материалының негізіндегі бактериограмма ең сенімді болып табылады. Көрсетілімдер: отит кезінде бактерияларға қарсы терапияның нәтиже бермеуі. Отиттен кейінгі іріңді асқыну. Ауыруды сезіну.





Пайдаланылган әдебиеттер

- 1. Оториноларингология: национальное руководство (под ред. В.Т. Пальчуна). М.: ГЭОТАР–Медиа, 2008. С. 541–544.
- 2. Hartmann A. Учебник по ушным болезням. СПб.: Практическая медицина, 1900. С. 15–18, 81–84

